

Біржолғы бланкілік тендерлік кепілдіктер бойынша құжаттардың негізгі тізімі

- 1) Кепілдік алуға Клиенттің Уәкілетті органы шешімінің түпнұсқасы;
- 2) Заңды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы анықтама;**
- 3) Заңды/жеке тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы анықтама **.
- 4) Төменде көрсетілген құжаттар Банкте болған жағдайда қайталап ұсыну қажет етілмейді:
 - а) Клиенттің құрылтай құжаттарының көшірмелері (заңды тұлға үшін): жарғы, Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар; болған жағдайда құрылтай шарты, Құрылтай шартына өзгертулер мен толықтырулар, құжаттың түпнұсқасымен салыстырылып, бұл туралы құжаттың көшірмесінде белгіленген/құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмелері;
 - б) мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту дерегін растайтын, тиісті уәкілетті органмен берілген, белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесі (жеке кәсіпкерлер үшін), құжаттың түпнұсқасымен салыстырылып, бұл туралы құжаттың көшірмесінде белгіленген/құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмесі,
 - в) Клиенттің бірінші басшысының, сондай-ақ бірінші/екінші қол қою құқығына иелік ететін өзге тұлғалардың және Клиенттің атынан кредиттік-қамтамасыз ету құжаттамасына қол қоюға уәкілетті тұлғалардың қол қою үлгілері берілген құжаттың түпнұсқасы/нотариаттық куәландырылған көшірмесі/құжаттың түпнұсқасымен салыстырылып, бұл туралы құжаттың көшірмесінде белгіленген (кредиттік мәміленің қатысушысы жеке тұлға болсағ талап етілмейді);
 - г) Атқарушы органды тағайындау туралы Клиенттің (қатысушылардың жалпы жиналысының, жалғыз қатысушының, бақылау кеңесінің) уәкілетті органы шешімінің көшірмесі;
 - д) Бірінші басшының қызметке кіріскені туралы бұйрықтың көшірмесі;
 - е) Клиенттің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - ж) бірінші/екінші қол қою құқығы бар өзге тұлғаларды және Клиент атынан кредиттік қамтамасыз ету құжаттамасына қол қоюға уәкілетті тұлғаларды лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі.
 - з) егер кредиттік-қамтамасыз ету құжаттамасына Клиенттің атқарушы органының бірінші басшысы емес/ Клиент емес тұлға қол қойса, тиісті түрде ресімделген сенімхатты ұсыну қажет
- 5) конкурстық өтінімнің, конкурстық құжаттаманың, тендер өткізу туралы хабарламаның көшірмесі;
- 6) кредиттік тарих субъектісінің/борышкер тұлғасының кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) ол туралы ақпарат/ мәліметтер беруге келісімі (оның ішінде борышкер тұлғаның өтініші бойынша банк шығарған кепілдіктер немесе кепілгерліктер туралы), Кредиттік тарих субъектісінің/борышкер тұлғасының кредиттік бюродан кредиттік есеп беруге келісімі (стандартты/жаппай/жоғарғы қосалқы сегменттің клиенттеріне кредит беру рәсімін реттейтін ІНҚ-ға сәйкес нысан бойынша); - *Клиент толтыруы үшін нысан Банкпен беріледі;*
- 7) субъектінің/борышкер тұлғаның (Қарыз алушының/Өтініш берушінің, Ортақ қарыз алушының, Кепілгердің, Кепіл берушінің және өзгелері) дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісімі (стандартты/жаппай/жоғарғы қосалқы сегмент клиенттеріне кредит беру рәсімін реттейтін ІНҚ-ға сәйкес нысан бойынша); - *Клиент толтыруы үшін нысан Банкпен беріледі;*
- 8) Клиенттің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқтығы (болуы) туралы анықтаманың түпнұсқасы және (немесе) салық қызметінің органдары берген, Клиенттің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқтығын (болуын) растайтын салыстырып тексеру актісі, Банктің кепілдік алуға арналған өтінімді қарау күніне дейін (бірақ анықтама берілген кезден бастап ол ұсынылған күнге дейін отыз күннен аспайды).
- 9) Клиенттің соңғы тоқсан және соңғы есепті жыл үшін қаржылық есептілігінің көшірмесі, соңғы есепті жыл үшін қаржылық есептілігіне қоса тіркелген салық декларациясының көшірмесі

және/немесе Клиенттің қаржылық жағдайы туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін веб-сайттарда орналастырылған ақпарат.

- 10) 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты» шоттар тобының карточкасы (соңғы 6 (алты) ай үшін, не бизнес маусымдылығы кезінде - соңғы 12 (он екі) ай үшін.
- 11) Қызмет көрсетуші банк анықтамасының (-ларының) түпнұсқасы / Банк шоты менеджерінің белгісі:
 - а) тиісінше, соңғы он екі айдағы, айдың басындағы және аяғындағы кіріс және шығыс ақша қалдығын көрсете отырып, айналымдар туралы.
 - б) алдыңғы 3 (үш) ай ішінде шоттар бойынша ұзақ (5 (бес) және одан көп күн) картотеканың болмауы туралы;
 - в) Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-да, сондай-ақ ҚР басқа банктерінде ашылған Клиенттің банктік шотына қойылған орындалмаған төлем талаптарының және банктік шоттардағы ақшаға салынған өзге де ауыртпалықтардың (тыйым салулардың) жоқтығы туралы.

Бейрезидент- заңды тұлғалар үшін қосымша құжаттар:

- 1) Клиент мемлекетінің уәкілетті органы берген бейрезидент - заңды тұлғаның мәртебесін куәландыратын құжаттың көшірмесі (егер Клиент Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда) **;

Көрсетілген құжаттар тізбесі толық болып табылмайды, ол болжамды Мәміленің нақты жағдайы мен шарттарынан, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарынан шығара келе кеңейтілуі немесе қысқартылуы мүмкін. Банк қажет болған жағдайда құжаттардың қосымша тізімін жеке сұрау салумен талап етуге құқылы.

Интернет-ресурс (www.e-gov.kz электрондық үкіметтің ресми интернет-ресурсы) арқылы не құжаттардың түпнұсқаларына теңестірілетін өзге де ресми электрондық ақпарат көздері арқылы алынған құжаттарды ұсынуға жол беріледі.

** осы қосымшаның көрсетілген құжаттары электронды үкіметтің веб-порталынан анықтама түрінде берілуі мүмкін: www.e-gov.kz.